

「Kizuna」 «Көрінбейтін тізбек»

Сөзі: Шу

Әні: Йошиюки Оби

Аудармасы: Ақмаржан Қасмағанбетова

Тақырыбы: РЕН

Суық желде естіледі әлсіз жылау,
ол көгілдір аспанда шарықтайды,
Аспанға біреу сыбырайды,
Қалайсын сен? Барі жақсы ма?

Теледидарда көрсетуде – әр жерде қираған үйінді,
Шымырлатады жүрегімді, жылатады жанымды.
Шаттық пен күлкіні жұтты бұл жер сілкінісі,
Есімдермен қоса мен естімеген бұрын–соңды.

Біріксек біз бәріміз, байланыстамыз көрінбейтін тізбекпенен,
Жалғыз болсақ біз әлсізбіз әрі сынғышпыз.
Бірақ та, бізді байлайды күшті кизуна,
Біреу болады әрдайым көз жасыңды сүртетін.

Біріксек біз бәріміз,
Біз жалғыз болмаймыз, бізде кизуна,
Дірілдеген қолыңды соз алға, сәл ғана,
Қолыңды алар бір жан бар осында,
Жарқын күлкіңді қайта оралтар,
Біз бармыз сен үшін.

Кішкене өмір аман қалды сынық астынан,
Періштеге тән жымыс бар жүзінде,
Ертеңгі күнге деген үмітке толы
Жылу бар оның нұрлы көзінде.

Дүлей апат төнді, көбі жоғалды, қиралды,
Есімізде мәңгі сақталмақшы,
Жас тамшылары тоқтамайды,
бірақ күн қайтадан шықпақшы.

Біріксек біз бәріміз, байланыстамыз көрінбейтін тізбекпенен,
Алға созылған қолды, саған созылған қолды аялап ұста,
Қолдар тұтас, біз бірге мықтымыз, біз бірге өсеміз.

Біріксек біз бәріміз,
Біз жалғыз болмаймыз, бізде кизуна,
Дірілдеген қолыңды соз алға, сәл ғана,
Қолыңды алар бір жан бар осында,
Жарқын күлкіңді қайта оралтар,
Біз бармыз сен үшін.